




7-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Діни толеранттық пен еуроцентризм  
мәселесі





Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Діни толеранттық пен еуроцентризм мәселесі  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

## Толеранттық және еуроцентризм. Энрике Дюссельдің этикаға қатысты еуроцентристік көзқарасы

Соңғы кездері Энрике Дюссель сияқты танымал ғалымдар жер бетіндегі кеселге айналған үздіксіз мәдени бөлініс пен экономикалық теңсіздіктің негізінде еуроцентризм жатыр деп сендіре келе, осы сыни көзқарасты әрі қарай өрбіте түсті. Бұл мәселе біз қарастырып отырған «Этика» оқулығының 20-шы тарауында жан-жақты талқыланады.



*Энрике Дюссель Доминго Амброзини (24 желтоқсан 1934ж.) – аргентиналық және мексикалық ғалым, философ, тарихшы және теолог.*

Көрнекі латынамерикалық философ Дюссель философия мен этикаға қатысты дәстүрлі ағылшын-америкалық және еуропалық ұстанымды сынға алады. Дюссельдің пікірінше, еуропалық философия отарлаудан басталады – мысалы, Американың, Азияның және Африканың колониалды отарлануы еуропалық Ағартушылықтың дамуымен тұспа-тұс келеді. Дюссель еуропалық империализм мен еуропалық этика арасындағы байланыстың бар болуына, яғни, жыныс пен гендерден бастап, индивидуализм мен адам құқықтарына, есірткі тұтыну мен соғыс мораліне дейінгі түрлі тақырыптар бойынша моральдық идеялардың әлемдегі биліктің экономикалық және саяси құрылымдарымен ортақ тұстары көп деген мәселеге қатысты алаңдаушылық білдіреді.

Өздерін батыстық емес діндер мен мәдениеттермен сәйкестендіретін адамдар үшін этикаға қатысты осы кітапта келтірілетін ұстанымдар еуроцентристік болып көрінуі мүмкін. Осы көзқарас тұрғысынан бұл кітаптың ұстанымы, негізінен, христиандық және еуропалық дүниетанымның жалған нанымдарын бейнелейді деуге болады. Шынында да, бұл кітапта ортаға салынатын утилитаризм, ізгілікті этика, табиғи құқық және Кант деонтологиясы сияқты негізгі нормативті дәстүрлер еуропалық философтар идеяларында тамыр жайған.

Бұған жауап ретінде дінге сілтеме жасамай, этиканы объективті және универсал мағынада түсіну мақсатын батыс әлеміндегі көпшілік қауымның қабылдайтынына қарамастан, бұл тек бірегей христиандық немесе еуропалық мақсат емес екенін мойындауға болады. Шынымен де, бұл мақсатты бүкіл әлемдегі көптеген адамдар құп көретіні анық. Ғалым Амартия Сен мен басқа да осы саладағы қазіргі танымал ғалымдардың айтуынша, философиялық және космополиттік этикадағы қозғалыс батыстық емес интеллектуалды дәстүрлерге де терең тамыр жаяды. Біз этика туралы ой пайымдай бастағанда, түрлі мәдени және діни бастауларды ескеруіміз қажет екені рас. Дегенмен, бұл біз аясы тар жалған нанымдар мен ескішілдіктің шегінен шығып, риясыз және объективті көзқарасқа, яғни, ұлы әлемдік моральдық және діни дәстүрлерді қамтитын космополиттік және плюралистік ұстанымға талпынбауымыз қажет деген сөз емес. Біз бұл мақсатқа жетеміз бе, жоқ па – жауабы шешілмеген сұрақ. Бұл мәселені тікелей релятивизм сауалы ретінде қарастыруға да болады. Алдағы дәрістерде сіздер релятивизм ұғымымен танысатын боласыздар. Ал қысқаша айтсақ, мұндағы сұрақ мынадай: универсал, объективті көзқарас сияқты нәрсе шынында да бар ма, әлде біз өз мәдениетіміз немесе дінімізден мирас еткен көзқарас пен дүниетанымға күдерсіз байланып қалдық па? Ойланып көріңіздерші.

Бүгінгі дәрісімізде мен сіздерге осы кітапта ұсынылған оқу материалдары аясындағы екі үзіндіні қысқаша айтып бергім келіп отыр.

Біріншісі - Сэм Харристің эссесінен алынған қысқаша үзінді, онда дінге қарсы заманауи дәйектер мен діннен тыс даму қажеттілігі туралы ой-пікір айтылады. Ескерте кетейін, Сэм Харристің көзқарасы атеистік.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Діни толеранттық пен еуроцентризм мәселесі  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

*Сэм Харрис (9 сәуір 1967ж., Лос-Анджелес) – философия, дінтану және нейробиология салаларындағы америкалық публицист. Ең алдымен, атеистік дүниетанымның жақтамы және популяризаторы ретінде танымал.*



Ал одан кейінгі оқуға ұсынылатын материал діни идеяларды плюралистік жақындастыруға талпынатын Мохандас Гандиге тиесілі. Өздеріңіз білетіндей, есімі әлемге танымал Мохандас Ганди дінге өте берік кісі болған, және оның идеяларының бәрі осы дін мәселесіне тереңінен байланысты. Дін және ақиқат деп аталатын бұл эссесінде Ганди әлемдік діндер ортақ этикалық негіз төңірегінде шоғырланатыны туралы идеяны қарастырады.

Сонымен, бірінші материал - «Христиан халқына арналған хат» деп аталатын Сэм Харррстің эссесі.

### **Сэм Харррстің «Христиан халқына арналған хат» деп аталатын эссесі.**

XXI ғасырдағы өркениет тап болған ең ұлы міндеттердің бірі, дейді Харрис, – адамдардың ең терең жеке проблемалары, бұл – этика, рухани тәжірибе және адамзат азаптарының алдындағы шарасыздығы туралы, ақылға қонымсыз ұғымдар болмайтындай етіп, айтуды үйрену. Біз сыни ойлау мен интеллектуалды шындықты ұстанатын жариялы дискурсқа, ашық әңгімеге тым мұқтажбыз. Осы жоба жолында біз тап болатын ең үлкен кедергі – біздің діни сенімге білдіретін құрметіміз.

Егер біз бір кездері өзіміздің діни қымсынуымыздан, сенімсіздігімізден арыла алсақ, онда адам тарихының осы кезеңіне шошына және таңдана қарар едік. Адамдар жиырма бірінші ғасырда осындай нәрселерге қалай сенеді екен? Олар Құдай мен Жұмақ туралы бос қиялдардың кесірінен өз қоғамдарында осыншама қауіпті талас-тартысқа қалайша жол беріп отыр? деген сұрақтарды көтереді Харрис.

Әлбетте, егер сіз дінді жоғары санайтын адам болсаңыз, бұл сұрақтар сізге өте орынсыз қателік болып көрінуі мүмкін. Бірақ қазіргі әлемде болып жатқан діни дау-жанжалдардың қаншалықты қайғылы оқиғаларға, еш кінәсіз қаншама адамның, соның ішінде сәбилердің өліміне алып келіп жатқанын ойласаңыз, Сэм Харррстің пікірін құптайтын адамдардың ішкі қынжылысын ұғынуға болады.

Әрі қарай жалғастырайық. Сэм Харрис былай дейді:

Өз эмоциялық қажеттіліктерімізді, мағынасыз сандыраққа ұрынбай, қанағаттандыруды үйренудің кезі келгені анық. Біз шындық табиғатына келгенде өзімізді алдамай, терең ойды талап ететін - дүниеге келу, неке, өлім сияқты әрбір адам өміріндегі ауыспалы кезеңдерді атап өтіп, салт-жоралардың қасиетін ешкімге зияны келтірмей пайдалану жолдарын табуымыз қажет. Сонда балаларымызды христиансың, мұсылмансың немесе яһудисің деп сендіріп, тәрбиелеу тәжірибесі күлкілі әдепсіздік ретінде қабылданады. Сонда ғана біз әлеміміздегі ең терең және ең қауіпті жараларды емдеу мүмкіндігіне ие боламыз.

### **Харррстің ғылым мен дін арасындағы айырмашылықты көрсетуі**

Әрі қарай айтар болсақ, Харрис дін мен ғылым арасындағы айырмашылықты саралайды:

Харррстің пікірінше, ғылым мен дін арасындағы айырмашылық дегеніміз - әлем туралы әңгімемізден этикалық интуицияларымыз бен рухани күйзелістерімізді алып тастау деген сөз емес екендігін түсіну маңызды; мұндағы мәселе - солардың негізінде жасалатын ақылға қонымды тұжырымдарымызға келгендегі шыншылдығымыз. Иса мен Будда сияқты адамдар адамзаттың өз өмірін сирек және тамаша амалдармен түрлендіре білу қабілеті жайлы айтқанда, бұл бос сандырақ емес деп сенудің салмақты дәлелі бар. Бірақ этикаға немесе қиялға беріліп сүрілетін өмірге қатысты қандай да бір шынайы зерттеу бүкіл интеллектуалды дискурсқа жан беретін ақыл-парасаттылық пен өз-өзіне сыни қарауға қажетті өлшемдерді талап етеді.

Биологиялық құбылыс ретінде дін - біздің эволюциялық тарихымызға терең тамыр жайған когнитивті процесстердің жемісі. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, дін өз алдына тарихтан бұрынғы адамдардың үлкен топтарының әлеуметтік түрде келісілген одақ құруында маңызды рөл ойнаған. Егер бұл расымен де солай болса, онда дін маңызды мақсаттың орындалуына қызмет етті деуге болады. Алайда бүгінгі күні ол қандай да бір маңызды мақсатқа қызмет етуде деген сөз емес. Сайып келгенде, зорлаудың өзі ең табиғи нәрселердің бірі емес пе? Бірақ біздің ежелгі ата-бабамыз үшін эволюциялық басымдық берді екен деп, зорлауды азаматтық қоғам үшін лайық немесе үйлесімді деп ешкімнің дауласпайтыны анық қой. Бәлкім,



өткен шақта дін біз үшін елеулі бір міндет атқарған да шығар, бірақ бұл оның қазіргі таңда жаһандық өркениетті құру жолындағы ең үлкен кедергілердің бірі болу ықтималдығын жоққа шығармайды.


Міне, Сэм Харристің қысқаша үзіндісі осындай, сіз, әрине, онымен үзілді-кесілді келіспеуіңіз мүмкін, әрі сіздің уәжіңіз салмақты, дәлелді де шығар. Бірақ Харристің қойып отырған сұрақтарының қаншалықты өзекті екеніне басқаша да қарайтын адамдардың бары анық қой.

Біздің келесі бір қарастыратын үзіндіміз, менің жеке пікірімше, өте керемет, терең, оқып-танысуға қызық мәтін сияқты.

Бұл Мохандас Гандидің «Дін мен ақиқат» деп аталатын эссесінен қысқаша үзінді.

### Мохандас Гандидің «Дін мен ақиқат» деп аталатын эссесінен қысқаша үзінді

Сонымен, Гандиге кезек берсек. Ол былай дейді: «Мен айтып отырған дін ресми немесе әдеттегі үйреншікті дін емес, барлық діндердің түпнегізінде жатқан, бізді Жаратушымен бетпе-бет табыстыратын дін.



*Мохандас Карамчанд «Махатма» Ганди (1869-1948 жж.) – үнділік саяси және қоғамдық қайраткер, Үндістанның Ұлыбританиядан тәуелсіздігі үшін қозғалыс жетекшілерінің және идеологтарының бірі. Оның зорлықсыз философиясы бейбіт өзгерістер жақтастарының қозғалысына ықпал етті.*

Дін дегенде нені айтатынымды түсіндіруге рұқсат етіңіздер, дейді Ганди. Бұл, әлбетте, мен басқа діндердің барлығынан жоғары санайтын индуистік дін емес, индуизмнен де асып түсетін, адам табиғатын өзгертетін, оны ішкі ақиқатымен ажырамастай байланыстыратын және үнемі жанын тазартып отыратын дін. Бұл - толықтай көрініс табу үшін үлкен шығынды талап етпейтін және өз орнын тауып, өз Жаратушысын танығанша, адам жанына тыныштық бермейтін, әрі Жаратушы мен өзінің арасындағы шынайы сәйкестілікке риза болмайтын адам табиғатының, адам болмысының ажырамас, тұрақты элементі.

Мен Құдайды көрген жоқпын, әрі білмеймін. Мен әлемнің Құдайға деген сенімін өз сеніміме айналдырдым, әрі менің сенімді өлшеу мүмкін болмағандықтан, мен бұл сенімді тәжірибеге тең санаймын. Алайда, сенімді тәжірибе ретінде сипаттау – ақиқатқа араласу дегенді білдіреді дейтін болсақ, онда менің Құдайға деген сенімді сипаттау үшін қажетті сөзім жоқ деген жөн.

Байқасаңыздар, Ганди бұл жерде өз көзқарасын аса бір сыпайылықпен, оқырманның мүдделеріне кірбің келтірмей, оны ренжітпейтіндей етіп таныстырып отыр. Керемет емес пе? Әрі қарай жалғастырайық:

Барлық нәрсені қамтитын, анықтамасын беруге болмайтын бір тылсым күш бар. Мен мұны көзбен көрмесем де, сеземін. Осы көзге көрінбейтін күш маған өзінің бар екенін мәлім етеді, сонымен бірге ешқандай дәлелге көнбейді, себебі ол менің сезімдеріммен қабылданатын нәрселердің ешқайсына ұқсамайды. Ол сезімнен жоғары. Бірақ Құдайдың бар екендігі туралы ойды тек шектеулі деңгейде ғана тарқатуға, жеткізуге болады.

Айналадағының бәрі үнемі өзгеріп, үнемі құрдымға кетіп отырған кезде мен өзгеріп жатқан нәрселердің барлығының негізінде бәрін бірге біріктіретін, жарататын, күлге айналдыратын және қайта жарататын бұлжымас бір күш жатқанын іштей сезінемін. Осы ақпараттандырушы Күш немесе Рух – Құдай. Әрі менің тек сезімдер арқылы ғана білетін нәрселердің басқа ешқайсысы жалғаса алмайтын және жалғаспайтын болғандықтан, жалғыз шындық – Ол Құдай ғана.

Ал осы күш игілікті ме, игіліксіз бе? Мен оны тек игілікті санаймын. Себебі мен өлімнің ортасында өмір жалғасатынын, жалғанның арасында ақиқат сақталатынын, қараңғылықтың арасында жарық болатынын көріп отырмын. Бұдан шығаратын қорытындым: Құдай дегеніміз – өмір, ақиқат, жарық. Ол – махаббат. Ол – ең жоғары Құдай.

Сонымен қатар, мен тіпті өз өмірімді құрбан етсем де, зұлымдықпен күреспейтін болсам, Құдайды ешқашан тани алмайтынымды білемін. Мен өз сенімді қарапайым және шектеулі тәжірибеммен нығайтамын. Өзімді неғұрлым тазартқым келсе, соғұрлым мен өзімді Құдайға жақын сезінемін. Менің сенімім, бүгінгідей, тек кешірім ғана емес, Гималай таулары сияқты мызғымас, әрі оның шыңындағы қар сияқты аппақ және жарқын болса, мен оған қаншалықты жақындай аламын?





Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Діни толеранттық пен еуроцентризм мәселесі  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Құдайға деген осы сенім, ақыл-парасаттан асқақ діни нанымға негізделуі тиіс. Шын мәнінде, өзін-өзі іске асыру дейтін ұғымның түп-тамырының өзінде дінге нану элементі жатыр, мұнсыз ол орнықсыз, дәлелсіз болар еді. Заттар табиғатының өзі солай болуы тиіс. Өз болмысының шегінен асатын кім бар? Тәнмен шектелген мына өмірде өз-өзінді толықтай іске асыру, меніңше, мүмкін емес. Мұның қажеті де жоқ. Адамзат баласының шамасы келетін толықтай рухани асқақтыққа қолжеткізуге қажеттінің бәрі - жанды мызғымас діни наным ғана. Құдай біздің жердегі тірлігімізден тыс емес. Сондықтан сырттай дәлелдердің аса пайдасы жоқ, тіпті мүлде жоқ шығар. Біз оны сезімдерімізбен ешқашан қабылдай алмаймыз, себебі Құдай олардан тыс. Біз оны тек сезімдерімізден бас тартсақ қана сезіне аламыз. Құдай әуені біздің ішімізде үнемі ойнап тұрады, бірақ қатты дыбыстар біз өз сезімдерімізбен қабылдай немесе ести алатын нәрселердің бәрінен өзгеше және шексіз артық нәзік әуенді тұншықтырып тастайды.

Бірақ ол, егер қандыратын болса да, тек ақыл-парасатты ғана қанағаттандыратын Құдай емес. Құдай болу үшін, Құдай жүрекке әмір жүргізіп, оны өзгертуі тиіс. Ол өзін сыйынушысының әрбір болмашы әрекетінде танытуы қажет. Бұл бес сезімнің қай кезде болмасын тудыра алатыннан әлдеқайда шынайы бір белгілі ұғыну арқылы ғана іске асуы мүмкін. Сезімдік түйсінулер бізге қаншалықты шынайы болып көрінсе де, жалған және алдамшы болуы ықтимал. Сезімдерден тысқары ұғыну пайда болса, ол талассыз дұрыс. Бұл сыртқы дәлелдермен емес, өз бойындағы Құдайдың болмысын сезінгендердің жүріс-тұрысы мен мінез-құлқының өзгерісімен расталады. Мұның дәлелін барлық елдер мен өлкелердегі пайғамбарлар мен көрегендердің үздіксіз тізбегінің тәжірибесінен көруге болады. Бұл дәлелді теріске шығару – өз-өзіңнен бас тартумен тең.

Мен үшін Құдай – ақиқат пен махаббат; Құдай – этика мен мораль; Құдай – жанқиярлық. Құдай – жарық пен өмірдің бастауы, әйткенмен, Ол мұның бәрінен жоғары және асқақ. Құдай – ар-ұят. Ол тіпті атеисттің атеизмі... Ол сөз бен ақыл-ойдан артық... Ол - өзіне жеке мұқтаж болғандардың жеке Құдайы. Ол – өзіне сыйынғандар үшін ғана өз болмысын білдіреді. Ол – ең таза түпкі болмыс. Ол тек сенетіндер үшін ғана. Ол - барлық адамдар үшін қажеттінің бәрі. Ол біздің бойымызда және бізден асқақ... Ол аса жоғары сабырлыққа ие. Ол кешірімді, бірақ, сонымен бірге, қаһарлы... Ол үшін білместік - ақтауға болатын нәрсе емес. Бірақ, ол әрдайым рақымды, себебі ол бізге әрқашан тәубеге келу мүмкіндігін береді. Ол - әлем білетін ең ұлы демократ, себебі ол бізге зұлымдық пен жақсылық арасынан таңдау жасауға «еркіндік» береді.

*Мохандас Ганди қызы, Үндістанның болашақ премьер-министрі  
Индирамен бірге, 1924 ж.*



Бүкіл ғаламға ие және бәрін білуші Ақиқат Рухын бетпе-бет көру үшін өзің сияқты жаратылыстардың ең кішісін сүйе білу қажет. Ал осыған ұмтылатын адам өмірдің кез-келген саласынан шеттеп қала алмайды. Осы себепті ақиқатқа адалдығым мені саясат саласына тартты; әрі мен ешбір күмәнсіз, бірақ барынша бойсұнумен дінді саясатқа еш қатысы жоқ дейтіндер діннің не екендігін білмейді деп айтар едім.

Өзінді өзің тазартпасаң өзінді тірі нәрселердің бәрімен сәйкестендіру мүмкін емес; өзінді өзің тазартпасаң ахимса заңын ұстану бос қиял ғана болып қалуы тиіс; жүрегі таза емес адам ешқашан Құдайды тани алмайды. Сондықтан өзінді өзің тазарту өмірдің барлық салаларындағы тазаруды білдіруі керек. Ал тазару ең жоғары деңгейде жұқпалы болғандықтан, өзінді өзің тазарту міндетті түрде айналаңның тазаруына жетелейді.

Алайда өз-өзінді тазарту жолы ауыр және құламалы. Кіршіксіз тазалыққа қолжеткізу үшін адам ойдағы, сөздегі және іс-әрекеттегі құштарлықтарынан мүлде еркін болуы, махаббат пен жеккөрушіліктің, ынтықтық пен жиіркеніштің қарама-қарсы ағындарынан жоғары болуы тиіс. Осындай үш бағыттағы тазалыққа тынымсыз ұмтылуыма қарамастан, мен әлі оған жетпегенімді білемін. Осы себепті әлемнің мақтауы мені қызықтырмайды, ол тіпті мені жиі жаралап та жатады. Ерекше нәзік нәрселерді жеңу маған әлемді қарудың күшімен физикалық жаулап алудан әлдеқайда қиын боп көрінеді.

Мен, бар болғаны, ойларымда, сөздерімде және іс-әрекеттерімде барынша мейірімді, барынша шыншыл және барынша зорлықсыз болуды қалайтын, бірақ өзім ақиқат ретінде танитын идеалға ешқашан жете алмайтын бейшара күресуші жанмын. Бұл ауыр көтерілу, бірақ оның азабы маған рахат әкеледі. Әрбір қадаммен мен өзімді мықтырақ және келесі адымға даяр сезінемін.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Діни толеранттық пен еуроцентризм мәселесі  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Мен Құдайды адамзатқа қызмет ету арқылы тануға тырысамын, себебі мен Құдайдың көкте де, төменде емес, әрбір адамның бойында екенін білемін.

Шынында да, дін біздің бүкіл әрекеттерімізден көрініс табуы тиіс. Бұл жердегі дін дегеніміз секта емес. Бұл ғаламның тәртіпке келтірілген моральдық ұйымдасуын білдіреді. Ол көзге көрінбегенмен, ақиқат екендігі сөзсіз. Бұл дін индуизмнен, исламнан, христиандықтан және т.б. жоғары. Бірақ ол бұлардың бәрін алмастыра алмайды. Ол бұл діндердің бәрін үйлестіріп, олардың ақиқаттылығын асыра түседі.

Діндер дегеніміз – бір нысанаға жеткізетін түрлі жолдар. Бір мақсатқа жететін болсақ, түрлі жолдармен жүріп-жүрмегеннің айырмашылығы неде? Ақиқатына келсек, қанша жеке тұлға болса, сонша да дін бар.

Егер адам өз дінінің жүрегіне жете алса, ол басқалардың да жүрегіне жетеді.

Әртүрлі діндер бар болып тұрғанда, олардың әрбірі ерекше бір символды қажет етуі мүмкін. Алайда бұл бір діннің басқасынан артықшылығын дәлелдеу құралына айналса, оны тек жоққа шығару қалады.

Ұзақ уақытқа созылған зерделеу мен тәжірибенің нәтижесінде мен мынадай қорытындыға келдім: біріншіден, барлық діндер ақиқат; екіншіден, барлық діндерде белгілі бір қателік бар; үшіншіден, барлық адамдар адамға өз бауырындай қаншалықты қымбат болуы керек болса, сол сияқты, барлық діндер де маған өзімнің индуизм сияқты қымбат. Мен барлық басқа діндерді, өз дінімдей қастерлеймін, сондықтан басқа дінге сеніп кету туралы ой мен үшін мүмкін емес.

Құдай түрлі діндер мен олардың жамағаттарын жаратты. Менің жанымдағы адамның сенімі менікінен төмен деп, әрі ол өз сенімінен бас тартып, менің дінімді қабыл алса екен деген тіпті жасырын ойдың болуының өзі ақылға сыйымсыз. Шынайы және адал дос ретінде менің қолымнан тек оның өз дінінде өмір сүріп, жетіле түскенін қалау ғана келеді. Құдай үйінде орын көп, әрі олардың бәрі киелі.

Ешбір адам басқа діндерді қастерлей отырып, зерделеу адамның өз дініне деген сенімін әлсіретіп, айнытуы мүмкін деген қорқынышты бір сәтке болса да ойына алмасын. Индуистік философиялық жүйе барлық діндер ақиқаттылық элементін қамтиды деп санайды да, оларға құрметпен және ізетпен қарайды. Әрине, бұл өз дінін де қастерлеуді білдіреді. Басқа діндерді зерттеп, баға беру өз дінінің әлсіреуіне алып келмеуі тиіс; бұл осындай көзқарастың басқа діндерге де таралуын меңзейді.

Біздің атымыздан сөздер емес, өміріміз сыр тартқаны жөн. Құдай кіресті тек 1900 жыл бұрын ғана арқалап қойған жоқ, бүгінгі таңда да ол күнделікті өліп, қайта тіріліп жатыр. Егер әлем 2000 жыл бұрын дүниеден өткен тарихи Құдайға ғана тәуелді болса, бұл көңілімізді жұбатар нәрсе болмас еді. Олай болса, тарих беттеріндегі Құдайды уағыздаумен шектелмеңіз, өз өміріңізді бүгінгі күн адамының өнегесі ретінде танытыңыз.

Мен басқаларға өз дінін, әсіресе, насихаттау мақсатымен айтатындарға сенбеймін. Сенім сөйлеуді қажет етпейді. Оны бастан өткізіп, сезіну қажет, сонда ол өздігінен таралатын болады.

Құдайды тану білімі кітаптардан алынбайды. Ол адамның өз бойында көрініс табуы тиіс. Кітаптар тек көмектесуі мүмкін, тіпті, жиі кедергі жасайды да.

Мен әлемнің барлық ұлы діндерінің түбегейлі ақиқатына сенемін. Мен олардың бәрін Құдай жібергеніне, және осы діндер берілген адамдарға қажет болғанына сенімдімін. Егер біз түрлі діндердің киелі кітаптарын осы діндер жақтастарының көзқарасы тұрғысынан оқи алатын болсақ, біз олардың бәрінің түпнегізі ортақ және барлығы бір-біріне пайдалы екенін анықтар едік.

Жалғыз Құдайға сену – барлық діндердің ең басты мәселесі. Бірақ мен жер жүзінде тек бір ғана дін қалатын заманның туар кезін көріп тұрған жоқпын. Теориялық тұрғыда, тек бір ғана Құдай бар болғандықтан, тек бір ғана дін болуы тиіс. Бірақ іс жүзінде мен Құдай туралы бірдей түсінігі бар екі адамды кездестірмеген екенмін. Демек, түрлі темпераменттер мен климат жағдайларына сай әртүрлі діндер әрқашан болатын шығар.

Мен әлемнің барлық ұлы діндері түрлі деңгейде ақиқат екеніне сенімдімін. «Түрлі деңгейде» дейтін себебім, адамдардың өзі кемшіліксіз болмайтындықтан, адамның қолына тиген нәрсенің бәрі кемшіліксіз емес. Кемелділік дегеніміз – тек Құдайға ғана тән қасиет, оны сипаттауға, сәйкестендіруге болмайды. Мен әрбір адам Құдай қандай кемел болса, сондай кемел бола алатынына сенемін. Біздің әрбіріміз кемелділікке ұмтылуымыз қажет, бірақ осынау бір баталы күйге жеткенде ол сипаттауға, анықтама беруге жетпестей болады. Сондықтан мен басымды барынша ие отырып, тіпті Ведалар, Құран және Інжілдің өзі – Құдайдың кемел сөздері емес деп білемін, ал біз көптеген құштарлыққа бейім, кемшіліктерге ие болмыс иелері болғандықтан, осы Құдай сөзін толықтай түсіне алмаймыз.

Міне, Гандидің осы бір керемет, түсіне білген адамға інжу маржандай сөздері бізге басқа діндерді, басқа көзқарастарды сыйлауға, сабырлы болуға шақырады.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Діни толеранттық пен еуроцентризм мәселесі  
Дәріс атторы: Ақмарал Байдлаева

### Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Immanuel Kant, “An Answer to the Question: ‘What Is Enlightenment?’” in Kant: Political Writings (Cambridge: Cambridge University Press, 1991).
2. John Hick, An Interpretation of Religion: Human Responses to the Transcendent, 2nd ed. (New Haven, CT: Yale University Press, 2005).
3. Dalai Lama, Kindness, Clarity, and Insight (Ithaca, NY: Snow Lion Publications, 2006).
4. Stephen Prothero, God Is Not One: The Eight Rival Religions That Run the World—And Why Their Differences Matter (New York: HarperCollins, 2010).
5. Sam Harris, Free Will (New York: Free Press, 2012).
6. Craig Calhoun, Mark Juergensmeyer, and Jonathan VanAntwerpen, Rethinking Secularism (New York: Oxford University Press, 2011).
7. Paul Kurtz, “Neo-Humanist Statement of Secular Principles and Values,” <http://paulkurtz.net/>
8. Jürgen Habermas, “Struggles for Recognition in the Democratic Constitutional State,” in Multiculturalism: Examining the Politics of Recognition, ed. Amy Gutmann (Princeton, NJ: Princeton University Press, 1994).
9. José Casanova, “Public Religions Revisited,” in Religion: Beyond a Concept, ed. Hent de Vries (New York: Fordham University Press, 2007).
10. Enrique Dussel, Beyond Philosophy: Ethics, History, Marxism, and Liberation Theology (Lanham, MD: Rowman & Littlefield, 2003).

### Глоссарий

Ахимса – зорлық жасамауды білдіретін термин; индуизм мен буддизм сияқты Оңтүстік Азиялық дәстүрлерге байланысты.

Еуроцентризм – еуропалық мүдделерді, құндылықтарды және тарихты басты орынға қоятын көзқарас тұрғысынан әлемді түсіндіру ұстанымы немесе практикасы.

Толеранттық – мақұлданбайтын көзқарастарға немесе мінез-құлыққа қатысты мейірім немесе сабыр таныту; ашық және алаламайтын көзқарас.